




ПРИОЗЕРСКІДЕ - ЖАҢА ПОЛИЦИЯ ПУНКТІ



12 мыңнан астам халқы бар Приозерск қаласының қоғамдық қауіпсіздігі мен тыныштығын қадағалау қалалық полиция бөлімінің қызметкерлеріне жүктелген.

Қараша айының 11-і күні қалада жаңадан ұшаскелік полиция пунктiнiң ашылу салтанаты болды. Аталған іс-шараға Қарағанды облысы Полиция департаментінің бастығы Санжар Әділов арнайы қатысып: – Бұл жерде полиция қызметкерлері өздеріне бекітілген аумақ тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін болады. Әріптестеріміз халықпен тығыз қарым-қатынас орнатып, өздеріне жүктелген міндеттерді абыроймен орындайды деген

сенімдемін, – деп ұшаскелік полиция пунктін ашуға ат салысқан қала әкіміне, мәслихат депутаттарына алғысын білдірді. Приозерск қаласының әкімі Мансұр Ахметов: – Қала тұрғындарына есігін айқара ашқан ұшаскелік полиция пунктінде төрт қызметкер өздеріне бекітілген аумақтың қауіпсіздігін қадағалау жолында еңбек ететін болады. Бұл аумақта үш мыңнан астам адам тұрады. Сондықтанда ұшаскелік полиция

пунктін ашу уақыт талабы, – деді. Департамент бастығы мен өңір әкімінің құттықтау сөзінен соң, пайдалануға берілген ұшаскелік полиция пунктінiң лентасы қиылып, сол аумақта тұратын қарт ана қазақы дәстүрмен шашуын шашты. Осыдан кейін салтанатты іс-шараға жиналғандар ұшаскелік полиция пунктінiң материалдық-техникалық базасымен танысты. Атқарушы билік өкілдері алдағы уақытта полицияға көрсетілетін көмек бұнымен тоқтап қалмайтынын, келесі жылы қала көшелеріндегі адам көп жиналатын жерлерге мобильдік бекеттер ашылатынын тілге тиек етті.

Жиын соңында облыстың бас сақшысы Санжар Әділов ұшаскелік полиция пунктiне компьютер сыйға тартты. – Бұған дейін Приозерск қаласында екі ұшаскелік полиция пунктi ғана болған. Бұл аумақта көбінесе жер үйлер орналасқан. Қала шетіндегі ұшаскелік полиция пунктi тұрғындардың келуіне өте ыңғайлы. Біздің міндет халықпен тығыз қарым қатынас жасап, қауіпсіздікті қадағалау, – деді ұшаскелік полиция инспекторы Мұхаммед Шалғынбаев.

Бақытжан ҚҰДИЯРОВ
Қарағанды облысы ПД
Баспасөз қызметі

3 бет



ЖАУАПСЫЗ ЖҮРГІЗУШІЛЕР КӨП...

Күре жолдың бойында көлік апаты азаймай келеді. Сондықтан сіз бен біз жол бойында ережені қатаң сақтауға міндеттіміз. Елордадағы көлік қозғалысына қатысты сауалдарымызға Астана қаласы Полиция департаменті Әкімшілік полиция басқармасының бөлім бастығы, полиция подполковнигі Бауыржан Жұманов жауап берді.

5 бет



ІЗ КЕСКЕН ЕКЕУ

Бүгінгі кейіпкерім бала кезінде-ақ үйдегі итін айтқанына көндіріп, тіл алғыш етіп алған. Сөйтіп жүргенде кинология саласында қызмет атқаратын ағасының көзіне түскен екен. Кішкентайынан итке жақындығы бар азамат бүгінде жігіт ағасына айналған. Кіші сержант Алмас Өтешов қазіргі уақытта 3660 Әскери бөлімінің кинология қалашығында кинолог болып қызмет атқарады.

8 бет



АЙТЫСКЕР СЕРЖАНТ

Бойында өнер нәрі бар, өмірін әскери саламен байланыстырған азаматтың Ұлттық ұлан қатарынан табылуы – біз үшін абырой. Бүгінгі кейіпкеріміз сержант Жұмабек Рахимов Ұлттық ұланда музей бастығы болып қызмет етеді.

ҚҰРМЕТТІ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!



Басылымдарға жазылу Қазақстан бойынша барлық жазылымды ұйымдастырушы мекемелер арқылы жүргізіледі.

Егер сіз полицияның маңызды оқиғалары мен жаңалықтарынан хабардар болғыңыз келсе, «ҚР ІІО Медиа орталығы» ЖШС басылымдарына 2024 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылуды ұмытпаңыз!

Saqshy
газетінің индексі: 65395

Қала тұрғындары үшін жазылу құны:
6 айға – 4308 теңге
Аудан және ауыл тұрғындары үшін жазылу құны:
6 айға – 4411, 20 теңге

На страже
газетінің индексі: 65368

Қала тұрғындары үшін жазылу құны:
6 айға – 4308 теңге
Аудан және ауыл тұрғындары үшін жазылу құны:
6 айға – 4411,20 теңге

Polisia.KZ
журналының индексі 75744

Қала тұрғындары үшін жазылу құны:
6 айға – 5803,80 теңге
Аудан және ауыл тұрғындары үшін жазылу құны:
6 айға – 5829,60 теңге



ЖЕТИ КҮН



Шымкентте кибер-шериф автоматтандырылған жүйесі іске қосылды. Аталған жүйе – жол ережесін бұзушы, қауіпті жүргізушілерді дер кезінде анықтауға және автоматты түрде жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді.

Заманауи құрылғы 8 бейнекамерадан тұрады. Бір сәтте 360 градус аумақты шолу мүмкіндігіне ие. Сондай-ақ жол үстінде орын алған заң бұзушылықтарды автоматты түрде тіркеп, жүргізушілерге хабарлама жібереді. Бұл тұста патрульдік полицейлер кибер-шерифтің қызметіне араласпайды. Алайда бейнекамералардың жұмыс нәтижесі тәртіп сақшыларының планшеттеріне түсіп отырады. Сонымен қатар көлік салонын аудио және бейне жазбаға түсіріп алуға қауқарлы. Көрінісін мемлекеттік тіркеу нөмірлерін алыстан танып, ұрланған көліктерді немесе борышкерлердің темір тұлпарын бірден анықтайды. Қарсы жолақта келе жатқан автокөліктерде сақтандыру полисінің және техникалық байқаудан өткені туралы куәліктің бар-жоғын автоматты түрде анықтауға мүмкіндік береді.

12 қарашада Халық қаһарманы Ғазиз Байтасовтың ерлікпен қаза тапқанына 12 жыл толды. Ғазиз Байтасов қызметтік міндетін атқару кезінде жарылғыш бомбаны денесімен жауып, өзінің өмірін құрбан етіп, лаңкестік әрекеттердің жолын кесті. Көптеген азаматты қауіп пен өлімнен құтқарды.

Қазақстан Республикасы ІІМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясында жол полициясы жеке батальоны взводының командирі, полиция капитаны, Халық қаһарманы Ғазиз Байтасовты еске алуға арналған шара өтті. Басшы және курсанттық құрамның қатысуымен Халық қаһарманының ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, батырды бір минут үнсіздікпен еске алды. Кеште халық қаһарманы туралы фильм көрсетіліп, оның құрметіне өлеңдер оқылды. Ғазиз Байтасов мінсіз әрекеті мен жауапкершілігі үшін қайтыс болғаннан кейін «Халық қаһарманы» мемлекеттік жоғары марапатқа ие болған алғашқы полиция қызметкері.

Тараз жолдарында мультфильм кейіпкерлері жол ережесін түсіндірді. Жамбыл облысының полицейлері жол қозғалысы ережелерін сақтауға балалардың назарын аударудың ерекше әдісін ойлап тапты. Ақцияға оқушылар сарайының «Бақытты болашақ» сәндік-қолданбалы шығармашылық бөлімінің оқытушылары және «Balashow Tagaz» мерекелерді ұйымдастыру агенттігі қатысты. Облыс орталығының қарбалас көшелерінде Өрмекші адам, Трансформер, Ақшақар және басқа да көптеген сүйікті мультфильм кейіпкерлері балаларға жолдың жүріс бөлігінде өзін дұрыс ұстаудың көрнекті үлгісін көрсетті.

Батыс Қазақстан облысы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері Батыс Қазақстан және Атырау облыстарының аумағында байланысыз жасыру әдісімен марихуана және гашиш есірткі құралдарын сатумен айналысқан интернет-дүкенге тосқауыл қойды. Атырау, Орал және Ақсай қалаларында олар бұрын жасырып кеткен 500-ден астам есірткі орамы тәркіленді. Жыл басынан бері Ішкі істер министрлігі интернет-дүкендердің 19 ұйымдастырушысын, 105 оператор мен 297 есірткі жасырушыны ұстады. Есірткі құралдарының таралуы туралы ақпаратты қамтитын 3500 интернет-ресурс анықталып, бұғатталды.

Түркістан облысында Ұлттық ұлан алғаш рет полициямен бірге қызметке кірісті. Түркістан облысы Полиция департаментінің алаңында полицейлер мен Ұлттық ұланның №6506 әскери бөлімінің арнайы 3-жедел мақсаттағы батальонының жеке құрамына арналған гарнизондық саптық байқау ұйымдастырылды. Түркістан облысы полициясының 300-ден астам және Ұлттық Ұланның 120 сарбазы сап түзеді. Гарнизондық саптық байқауды Түркістан облысы ГД Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Асылхан Төрежанов өткізді. Мақсаты – қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігінің алдын алу бойынша тапсырмаларды орындауда жеке құрамның даярлығын тексеру. Бұдан әрі қарай сарбаздар мен сақшыларға нұсқама беріліп, нысанды киімдері мен куәліктері тексерілді. Облыс орталығына жаңадан қоныстанған Ұлттық ұланның сарбаздары полициямен бірлесіп, облыс орталығы тұрғындарының тыныштығын күзетіп, олардың қауіпсіздігін қорғайтын болады.

ЕКІЖАҚТЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Астана қаласында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК және Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Бас қолбасшылығы арасында ынтымақтастық туралы екіжақты меморандум жасалды.



Аталған орталыққа Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, генерал-майор Қайрат Үмбетов арнайы барып, екіжақты ынтымақтастық жайын талқылады. Кездесу барысында генерал-майор Қайрат Үмбетов пен Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының директоры Раиса Шер ортақ меморандумға қол қойды.

– Бұл маңызды стратегиялық байланыс жасөспірімдердің бойындағы патриоттық сезімді оятып, өз Отанына деген сүйіспеншілікті арттыруды көздейді. Сондай-ақ жастарды азаматтық борыш пен Отан мүддесін қорғау жөніндегі конституциялық міндеттерді оры-

дауға бейімдеуге бағытталған, – деді генерал-майор Қайрат Үмбетов.

Ендігі уақытта екі серіктес педагогтар мен мамандар, әскери-патриоттық клуб басшылары үшін ұйымдастырылатын іс-шараларды, вебинарлар мен шеберлік сыныптарын, біліктілікті арттыру курстарын бірлесіп өткізетін болады. Сонымен қатар тәжірибе алмасу жиындары да тұрақты өткізіледі.

– Ортақ келісімнің нәтижесінде Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының көмегімен әскери-патриоттық бағытты дамыту мәселелері бойынша байқауларды, ойындарды, конференцияларды, дөңгелек үстелдерді және өзге де іс-шараларды бірге ұйымдастыруды қолға аламыз. Өткізетін немесе іске асқан іс-шаралар туралы ақпараттармен де алмасу отырамыз. Осындай тығыз ынтымақтастық қай тарапқа болмасын пайда әкелетініне сенімдіміз, – деді Раиса Шер.

Айта кетейік, 2023 жылы «Жас Бүркіт» әскери-патриоттық қозғалысына 20 жыл толады. Бұл патриоттық қозғалысқа республиканың 59 мектебі мен үш колледжінің білім алушылары тартылған.

Бүгінде 2044 балаға арналған 108 сыныпта Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының офицерлері сабақ өткізеді.

ҚР Ұлттық ұланының Баспасөз қызметі

БАЛАҒА ҚОРЛЫҚ КӨРСЕТКЕНГЕ – ЖАЗА ҚАТАҢ

Бала өмірі – ел болашағы, басты құндылығымыз. Сол себепті Ішкі істер министрлігі балалардың қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударып отыр. Тәртіп сақшылары олардың құқығын қорғау, құқық бұзушылық алдын алу бағытындағы жұмысты жандандырып келеді. Осы орайда кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігі бағытында атқарылып жатқан іс-шараларға ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Ержан Жақсылықов кеңінен тоқталды.

– Осы жылдың 10 айында кәмелетке толмағандардың қатысуымен болған қылмыс 18 пайызға артты. Осыған орай біз талдау жүргіздік. Жасөспірімдер арасында қылмыс деңгейінің артуының бірден бір себебі – қылмыстың 65 пайызы полиция қызметкерлерінің кіруіне шектелген жеке меншік үй-жайларында болуында. Екіншіден, әрбір төртінші жасалған қылмыс балалардың жақын адамдары тарапынан жасалады. Олар – әкелер, өгей әкелер, бірге тұратын және таныс адамдар, – дейді спикер.

Осыған байланысты ІІМ полиция қызметкерлерінің осындай хабарламаларды қарау кезіндегі іс-қимыл алгоритмін әзірледі. Енді полиция қызметкерлері балаға қатысты қылмыс жасалған уақытта қорғаншылық және қамқоршылық органдарына және ведомстваралық мобильді топтарға дереу хабарлайды.

Бала әкімшілік құқық бұзушылыққа жол берсе, ата-ана жауапты болады. Балалармен жасалған әрбір құқық бұзушылық дерегіне полиция қызметкерлері мұқият тексеріс жүргізеді. Әкімшілік жауапкершілік 16 жасан басталатыны бәрімізге мәлім. Сондықтан жасалған құқық бұзушылықтың түріне байланыс-

ты жасөспірім жауапкершілікке тартылады. Сонымен қатар полиция қызметкерлері оның ата-анасына да қатысты тексеру жүргізеді.



Егер ата-ата өзінің міндеттерін тиісінше орындамау фактісі анықталса, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 127-бабы (Кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу және (немесе) оған білім беру, оның құқықтары мен мүдде-

лерін қорғау жөніндегі міндеттерді орындамау) бойынша әкімшілік хаттама толтырылып, 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады.

Әкімшілік полиция комитетінің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Ержан Жақсылықов балалардың құқығын қорғау мақсатында заңнамаға енген өзгерістерге тоқталды.

– Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша балаларға қатысты қылмыс үшін жауапкершілік күшейтілді. Зорлау және жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылық аса ауыр қылмыстар санатына ауыстырылды. Осылайша, тараптардың татуласу мүмкіндігі алынып тасталды. Жаз мерзімдерінің төменгі және жоғары шектері өмір бойына бас бостандығынан айыруға дейін ұлғайтылды. Кәмелетке толмағанға қатысты ата-анасының, өгей әкесінің, өгей шешесінің немесе оны тәрбиелеу жөніндегі міндеттер жүктелген өзге адамның зорлық-зомбылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық енгізілді, – деді.

Сондай-ақ педофилдер енді кешірім жасау және мерзімінен бұрын босату құқығынсыз максималды қауіпсіздік мекемелерінде ұсталады. Мұндай қылмысты жасырған адамдарға қатысты алты жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Оның айтуынша, қазір Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша балаларға қатысты зорлық-зомбылық жасағаны үшін жазаны қатаңдату мәселелері пысықталып жатыр.

Ақмарал МАХАМБЕТӘЛІ

БРИФИНГ

ТАБИҒАТҚА ТАҒЫЛЫҚ ТАНЫТҚАН

Қоршаған ортаны қорғаудың орнына, оған зиянын тигізіп, экологиялық ахуалды қиындататындар бар. Алайда мұндай қолайсыз жағдай тудыруға себепші болғандар ішкі істер орган қызметкерлерінің назарынан тыс қалмайды. Осы бағытта орын алған заңбұзушылықтар жөнінде ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитеті Табиғатты қорғау полициясы тобының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Әлішер Жармағамбетов апта басындағы брифингте мәлімдеді.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган – Экология және табиғи ресурстар министрлігі. Полиция өз кезегінде қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын жүргізуге және браконьерлікке қатысты қылмыстық істерді тергеуге көмек көрсетеді.

Жыл басынан бері тәртіп сақшылары 300 мыңнан астам әкімшілік құқық бұзушылықты анықтап, бүгінде соның 304-іне сотқа дейінгі тергеу басталды. Мемлекетке келтірілген шығын көлемі 13 миллиард теңгеден асып жығылады. Браконьерлердің көбі экожүйеге қаншалықты шығын әкелетінін түсіне бер-

мейді. Атап айтсақ, орман, жануарлар, балық немесе жер қойнауы секілді табиғи ресурстарды бақылаусыз пайдалану ауданның бүкіл экожүйесіне кері әсерін тигізеді. Осы себепті мемлекеттік органдар бірқатар ұйымдастырушылық және заңнамалық шараларды қолға алып отыр. Жоғары тәуекел маусымдарында рейдтік іс-шараларды өткізуге ерекше мән беріледі. Мәселен, балық пен сүтқоректілердің уылдырық шашатын көктемгі кезеңінде, алғашқы қардың күзгі кезеңінде және жануарлардың ерекше осалдығы кезеңінде қорғау жұмыстары күшейтіледі.

Осы орайда Ішкі істер министрлігі 20 қазаннан бері «Браконьер» жедел профилактикалық іс-шарасын бастады. Жануарлар дүниесі, балық және орман шаруашылығы нысандарын, жер қойнауын заңсыз өндіру фактілерінің алдын алу және анықтауды көздеген шара 19 қарашаға дейін жалғасады. Бүгінде дейін 61 қылмыстық және екі мыңнан астам әкімшілік құқық бұзушылық анықталған.

Сонымен қатар аңшылар арасында қару-жараққа салғырт қарау және аң аулау ережелерін бұзу, аң аулау кезінде жарақат алуға әкеліп соқтыратын жағдайлар орын алып тұрады. Осыған байланысты Ішкі істер министрлігі азаматтарды табиғатты қорғау заңнамасын сақтауға, белгіленген аң аулау ережелері мен қаруды қауіпсіз пайдалану ережелерін бұзбауға шақырады.

Гайһарай АМАНҒАЛИҚЫЗЫ

Астана қаласы ПД Әкімшілік полиция басқармасының бөлім бастығы, полиция подполковнигі Бауыржан ЖҰМАНОВ:

ЖАУАПСЫЗ ЖҮРГІЗУШІЛЕР КӨП...

Күре жолдың бойында көлік апаты азаймай келеді. Талай адамның тағдырына балта шауып, өмір дастаны күрт үзілген оқиғалар қаншама?! Сондықтан сіз бен біз жол бойында ережені қатаң сақтауға міндеттіміз. Елордадағы көлік қозғалысына қатысты сауалдарымызға Астана қаласы Полиция департаменті Әкімшілік полиция басқармасының бөлім бастығы, полиция подполковнигі Бауыржан Жұманов жауап берді.



– Бауыржан Ғалымжанұлы, жыл сайын жол апатына қатысты оқиғалар көбеймесе, азаймай тұр. Жол апатының орын алуына негізгі себептерді атап өтсеңіз.

– Жол апатына басты себеп – жүргізушілердің жауапсыздығы. Көп жүргізушілер жол жүру ережесін өрескел бұзады. Мысалы, көше қиылысында бағдаршамның рұқсат етілмеген белгісінде сол не оңға бұрылған жаяу жүргіншілерге жол бермей жатады. Кейде көлік жүргізушісі жаяу жүргіншілер жолынан өтіп бара жатқан жолаушыларды қағып кетеді. Сонымен бірге жолда жылдамдықты асырып, ереже бұзатындар көбейген. Жылдамдықты шамадан тыс асыру және көлікті тізгіндеген жүргізушілердің жауапсыздығы жантүршігерлік жол апаттарының орын алуына басты себеп деп айта аламын.

– Астана қаласында жыл басынан бері қанша жол-көлік апаты орын алды? Қанша адам зардап шекті? Қаза тапқандардың саны көп пе?

– Астана қаласында жыл басынан бері 638 жол-көлік оқиғасы болды. Былтыр 2022 жылы бұл көрсеткіш 564 еді. Салыстырмалы түрде был жол апаты 13%-ға көбейген. Өкінішке орай, жол-көлік оқиғасы барысында 30 адам қаза тапты. Өткен жылы қайтыс болғандардың саны 20 адамды құрады. Сонымен қатар жол-көлік оқиғасы салдарынан биыл 701 адам әртүрлі дене жарақатын алса, былтыр 626 адам зардап шеккен. Яғни, былтырғы жылмен салыстырғанда биыл жарақат алған адамдардың саны 11%-ға артты.

– Жаяу жүргіншілер жол бойында жиі құқық бұза ма?

– Әрине, жаяу жүргіншілердің қатысуымен де жол оқиғалары жиі орын алады. Олар өздеріне арналған арнайы жолдан өткен кезде жан-жағына қарамай өтеді. Көлік – механикалық құрал. Өмірде әртүрлі жағдай болуы мүмкін. Келе жатқан көліктің жылдамдығын аңғармайтын адамдар бар. Әсіресе, осы жағдайда жастарды көбірек мысалға келтіре аламыз. Құлаққап тағып, айналасына көз салмайды. Жолға қарамай бірден шыға келген кезде, келе жатқан көлік жүргізушілері де байқамай қалып жатады. Жаяу жүргіншілердің қатысуымен болған көлік оқиғалары арнайы сараптамалық тексерістен өтеді. Сараптама маманы істі анықтау барысында оқиғаға кімнің нақты кінәлі екенін анықтайды. Айта кетейік, жыл басынан бері жаяу жүргіншілердің кінәсінен 143 жол-көлік оқиғасы тіркелді. Салдарынан 9 адам қайтыс болып, 143 адам әртүрлі дене жарақатын алған.

– Балалар мен жасөспірімдердің қатысуымен болатын жол-көлік оқиғалары туралы не айта аласыз? Мектепте және оқу орындарында қандай түсіндіру жұмыстары жүргізілді?

– Астана қаласы бойынша жыл басынан бері көмелеттік жасқа толмағандардың қатысуымен 119 дерек анықталды. Өкінішке орай, жол-көлік оқиғасы кезінде биыл екі бала қайтыс болды. Одан бөлек, 125 адам әртүрлі дене жарақатын алды. Жасөспірімдердің кінәсінен 53 жол-көлік оқиғасы орын алды. Қайғылы жағдайдың кесірінен бір бала қаза тапты. 55 бала әртүрлі дене жарақатын алған. Бұл бағытта біз жиі түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Дегенмен, ата-аналар бұл мәселеге қатысты балаларына толық ақпарат бермейді. Мәселен, қарапайым пәтер ауласында балаларын бақылаусыз қалдыратын ата-ана көп. Қазір бірнеше қабатты пәтердің ауласында қаншама көліктер жүреді?! Кейде жол бойында балалар ойнап жүреді. Бейуақытта ойнап жүрген кішкентай балаларды көлік жүргізушілері байқамай қалып жатады. Тергеу барысында оқиғаның басты себебі ата-ананың баланы қараусыз қалдырғанынан болып шығады. Жол-көлік оқиғалары кезіндегі балалар жарақаты мен өлімін азайту мақсатында жыл сайын бірнеше профилактикалық іс-шаралар жүргізіліп келеді. Мысалы, «Абайлаңыз, балалар!», «Ата-аналар, балалардың өмірін сақтаңыз!», «Балалар, жолда абай болайық!», «Қауіпсіз мектеп автобусы» және тағы басқалар. Одан бөлек, полиция қызметкерлері балабақшадан бастап жоғары оқу орындарына дейінгі барлық білім мекемелерінде қосымша сабақ жүргізеді. Сабақ балалар мен жасөспірімдерге түсінікті болуы үшін викториналық ойын түрінде өткізіледі. Арнайы бейнероликтерді көрсетеміз. Сонымен қоса, ата-аналардың өзімен де тікелей түсіндірме жұмыстарын жүргіземіз. Балалар демалатын жазғы уақытта да профилактикалық іс-шараларды қалыс қалдырмаймыз.

– Қыс айларындағы жол қозғалысына қандай баға бересіз?

– Жол апаты қыс айларында жиі орын алады. Әсіресе, алғашқы қар аралас жаңбыр жауып, күн суытқанда жер тайғақ болады. Кейбір жүргізушілер көліктерінің жазғы дөңгелектерін ауыстырмай жүре береді. Бұл қоғам алдындағы жауапсыздық деп білемін. Оның кесірі басқа адамдардың өміріне тиіп жатады. Көлік жүргізушісі ретінде жауапкершілік таныту – өте маңызды мәселе.

– Астана қаласында жол қозғалысын бақылайтын бейнебақылаулардың жұмысы қаншалықты тиімді?

– 2017 жылдан бастап Астана

қаласында «Сергек» бейнебақылау камерасы сәтті қолданылып келеді. Қала бойынша 13 мың «Сергек» бейнебақылау камерасы орналастырылған. Бейнебақылау камерасы жол бойында жылдамдықты шамадан тыс асырған, қауіпсіздік белдігін тақпаған, қоғамдық көлік жолақтарын сақтамаған, жол белгілерін бұзған, жүк көліктерін екінші және үшінші жол қатарымен жүргізген немесе бел-

Астана қаласы бойынша жыл басынан бері көмелеттік жасқа толмағандардың қатысуымен 119 дерек анықталды. Өкінішке орай, жол-көлік оқиғасы кезінде биыл екі бала қайтыс болды. Одан бөлек, 125 адам әртүрлі дене жарақатын алды. Жасөспірімдердің кінәсінен 53 жол-көлік оқиғасы орын алды. Қайғылы жағдайдың кесірінен бір бала қаза тапты. 55 бала әртүрлі дене жарақатын алған. Бұл бағытта біз жиі түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз.

гіленбеген жерде көлікті тұраққа қойып, құқық бұзған азаматтарды дер кезінде анықтайды. Осы аталған себептердің ішінде ең көп кездесетіні – автокөлікті белгіленбеген тұраққа қою. Аталған мәселеге қатысты азаматтардан бізге өте көп шағым келіп түседі. «Сергек» камерасы дәл осындай келеңсіздіктерді тез анықтап, алдын алуға мүмкіндік жасауда. Жыл басынан бері «Сергек» камерасы арқылы 815

нөмірлері арқылы тіпті бейнебақылау жазбаларын алу мүмкіндігі бар. Бұл жерде негізгі міндет – адамдардың арнайы мемлекеттік орындарға барып, уақытын тиімді пайдалануға жағдай жасау. Аталған Call-center-дің қалалық нөмірлері: 71-69-77, 67-75-75. Сонымен қатар, ұялы телефон нөмірлері: +7-778-388-58-39 (WhatsApp) арқылы байланысып, шағымдана алады. Сервистік тәсілдің тағы бір

ды самокатқа қатысты қабылданған заң қалай жүзеге асуда?

– Иә, бұл тасымалдау құралдарына көлік атауы берілді. Заң қабылданғаннан бері полиция қызметкерлері көптеген түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мәселен, каскасыз самокат немесе басқа да электронды көліктерді жүргізген азаматтарға біз бірінші рет қатаң ескерту жасадық. Егер қайталанған жағдайда біз оларды әкімшілік құқықтық жауапкершілікке тартуға мәжбүрміз. Заңға сәйкес 18 жасқа толған, жүргізуші куәлігі бар азаматтардың электронды көлікті тізгіндеуге құқығы бар. Одан бөлек, түнгі уақытта көліктің жарығын қосуы, басында касканың болуы міндетті. Самокатты көбінесе көмелеттік жасқа толмағандар айдайды. Ата-аналардың бұл мәселеге баса назар аударуы қажет. Балалардың самокатты жаяу жүргіншілер жолында айдауы кейбір тұрғындарға қауіп тудыратын кездері кездеседі. Мысалы, самокат жүргізгендердің жаяу жүргіншілерді қағып, нәтижесінде олардың аяқ-қолының сынуына және тағы да басқа түрлі жарақат алуына әкеліп соқтырады. Бұл – 18 жасқа толмаған балалардың жол ережелерін толық білмеуінің салдары. Егер оқиға балалар мен жасөспірімдердің қатысуымен болса, оның ата-анасы қатаң әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

– Сіздің ойыңызша, жол-көлік оқиғасының алдын қалай алуға болады?

– Жол-көлік оқиғасын болдырмау үшін ең алдымен қоғамның әр азаматы жауапкершілікті өзінен бастау қажет. Жол ережесі мен талаптарын қатаң сақтауға міндеттіміз. Екіншіден, болашағы зор балаларымыздың қауіпсіздігі үшін ата-аналар өз балаларына жол қозғалысы туралы түсіндіру жұ-



мың әкімшілік-құқық бұзушылық анықталды. Салынған айыппұлдың жалпы мөлшері – 8,7 млрд. теңгені құрайды. Оның ішінде біз 6 млрд теңгені өндіріп алдық. Қалған айыппұл көлемі мәжбүрлі түрде орындалу үшін жеке сот орындаушысына жолданды.

– Қаладағы бейнебақылау камералары жұмыстарыңызды жеңілдеткен секілді...

– Иә, әрине. Мәселен, 2016 жылы жол-көлік апатынан 60 адам қаза тапса, қазір 30 адамға азайды. Бұдан бөлек, камералар жол қозғалысын ғана бақылап қоймай, қылмыстың басқа да түрлерін ашуға көп көмегін тигізуде. Сол үшін де алдағы уақытта қалада қозғалысты бақылайтын бейнебақылау камераларының санын көбейтуді жоспарлап отырмыз.

ұтымды түрі – айыппұлды телефон қосымшалары арқылы төлеу. «Kaspi.kz» ұялы қосымшасы арқылы айыппұлды төлеу және тексеру, шыны керек, ел азаматтары үшін өте қолайлы жобаның бірі деп айтуға болады. Бұдан бөлек, азаматтар өзіне белгіленген айыппұлдың себебін ешқандай бармай, «Еgov» мемлекеттік электронды порталы арқылы анықтай алады. Егер азамат орын алған оқиғамен келіспеген жағдайда, сол жердегі арнайы сілтемені басу арқылы өз шағымын жазып, автоматты түрде жібере алады. Бірнеше секундта ғана жүзеге асатын бұл процесс арқылы азаматтардан түскен шағымды біз оңай әрі жылдам қол жеткізіп, жауап бере аламыз.

– Биыл 30 тамызда электрон-

мыстарын жиі жүргізгені дұрыс. Сонымен қатар ата-аналар балаларын қараусыз қалдырмағаны жөн. Баланың қауіпсіздігі – барімізге үлкен міндет. Еліміздегі білім ордаларында жол-көлік қозғалысына қатысты жұмыстарды әлі де арттыру қажет деп ойлаймын. Балаларға жол ережелерін зор құрғысынан түсіндіргеннен гөрі қарапайым әрі түсінікті тілде немесе ойын түрінде жеткізуге тырысу қажет. Біз қоғамның заңды қатаң сақтауы үшін алдымен балалардың құқықтық білімін арттыру қажет деп есептеймін. Сонда елдегі жол-көлік апаты бірнеше есеге азаяды.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Сүйкім АЯПБЕРГЕНҚЫЗЫ

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАДАҒАЛАНАДЫ

Шығыс Қазақстан облысы ПД бастығы Ерлан Омарбеков Глубокое кентінде балалардың қауіпсіздігі үшін дабыл батырмасы мен бейнебақылау камераларын тексерді.

Кенттің орта мектептеріндегі акт залы жоғары сынып оқушыларына толы болды. Олардың сұрақтарына облыс Полиция департаменті бастығының өзі жауап берді. Аймақтың бас полиция бастығы Ерлан Омарбеков балаларға қылмыскерлердің құрбаны болмау және қылмыстық әрекетке бармау, есірткінің зияны, қорқыту және жол қауіпсіздігі туралы айтты.

мүмкін.

Полиция генерал-майоры Ерлан Омарбеков дабыл батырмалары мен бейнебақылау жүйелерінің жұмысын жеке өзі тексеріп, мектептегі балалардың қауіпсіздігі мәселесіне ерекше назар аударды.

Айта кетейік, облыстың барлық мектептерінде 7500-ге жуық бейнебақылау камерасы орнатылған.



Кәмелетке толмағандардың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша мұндай жұмыс барлық оқу орындарында жүргізіледі. Өйткені балалар осындай жасөспірім кезінде қылмыстық жазаға тартылуға әкеп соғатын қателіктерге бой алдыруы

Олардың басым бөлігі аудандық Полиция бөлімдері мен ШҚО ПД Жедел басқару орталығына біріктірілген. Барлық қабылданған шаралар балаларымызды қорғауға бағытталған.

Гүлжан ҚАМЗИНА,
ШҚО облысы ПД

КӨЛІКТЕРДІ РОБОТ-АВТОМАТ ЖУАДЫ

Петропавлда полиция автопаркіндегі көліктерді енді робот-автомат жуады.

Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаментінің құрамындағы Тылдық қамтамасыз ету басқармасының автокөлік шаруа-

токөлік шаруашылығының аумағындағы арнайы бокста облыстық және қалалық Патрульдік полиция батальондарының, департамент аппара-



шылығында автоматтандырылған заманауи көлік жуғыш қондырғы іске қосылды.

Бұл жаңашылдықтың бір ерекшелігі, автоматтандырылған, адамның қатысуы міндетті емес. Бір көлікті жуудың орташа уақыты – 5-6 минут. Бір сағаттың ішінде 12 жеңіл машина жуылады. Бұл қондырғы жүк көліктері мен автобустарға арналмаған.

Бұрын қызметтік автокөліктер қолмен жуылып, 30 минут немесе одан да көп уақыт алатын. Енді ав-

тының жеке құрамы күн сайын қызметтік автокөліктерін жуа алады.

ШҚО ПД бастығының орынбасары, полиция полковнигі Айдос Ідірісовтің айтуынша, Полиция бөлімдерінің материалдық қамтамасыз етілуі ПД басшылығының үнемі бақылауында. Қызметкерлер өз міндеттерін адал және жауапкершілікпен атқару үшін кезең-кезеңмен жағдай жасалуда.

Юрий КЛЫКОВ,
ШҚО ПД Баспасөз қызметі

ТЕРІСКЕЙДЕГІ ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ



Мақаланы көне әскери бөлімге арнағалы отырмыз. Теріскейдегі қоғамдық тәртіпті осы бір 6637 Әскери бөлімінде қызмет атқаратын жауынгерлерге жүктелген.

Жаздың соңғы күндері Петропавл қаласына жол түсіп, жұмыс сапарымызбен ат басын тіреу мүмкіндігі туды. Әскери бөлім командирі полковник Ғалымжан Кибәев бізді жылы шыраймен қарсы алды. Жұмыс жоспарын талқылағаннан кейін біз саптық алаңға қарай шықтық. Ауа райы да жақсы, саптық алаң да жеке құрамға толып тұр екен. Біз жергілікті әскери қызметшілерден бүгінгі жиынның себебін сұраған болатынбыз. «Бүгін жас сарбаздардың алғаш рет жауынгерлік қызметке шығу салтанаты» деген жауап естідік. «Сұрағанға – іздеген» деген осы.

Араға біраз уақыт салып, Петропавл қаласы Полиция департаментінің өкілдері мен әскери бөлім ардагері де бақылау-өткізу бекетінен ішке кірді. Жақындап келе бергенде әскери бастығымыздың бұрынғы тілшісі, ардагер жазушы, отставкадағы майор Боташ Қажымовты таныдық. Әскери бөлім басшылығы сарбаздардың алдында жалынды сөз сөйлеуге арнайы шақырыпты. Боташ аға Қажымов бізді көріп қуанышын жасырмады.

– Әскери бөлім туралы көп жазуға болады. Кезінде өзіміз осы әскери бөлім туралы талай қалам тербедік. Енді, міне, құрметті ардагер ретінде жас сарбаздарды жігерлендіруге келіп тұрмын. Жауынгерлерді алғашқы әскери қызметке салтанатты түрде шығарып салу салтанаты – жауынгерлік дәстүр. Ал ардагерлерді шақыру, бұл – игі дәстүр, – деп ағынан жарылды жазушы ардагер.

Сәлден кейін әскери бөлім командирі полковник Ғалымжан Кибәев мінберге шығып, сарбаздарды алғашқы жауынгерлік қызметке шығуымен құттықтады.

– Азаматтардың қауіпсіздігі, қала тұрғындарының тыныштығы сіздерге байланысты. Қызметте ержүректілік, қырағылық, адалдық секілді ұландық жауынгерлерге тән қасиеттерді биік ұстаңыздар. Қызметтеріңізге сәттілік тілеймін, – деп командир жауынгерлердің рухын жаныды.

Дәстүрге сәйкес құқық қорғау органдарының өкілдері мен ардагерлер де ізгі тілектерін арнады. Сарбаздар салтанатты маршпен жүріп өтіп, көліктеріне отырды. Біз де сарбаздармен бірге қала күзетіне шықтық.

Қасымызда 1-ші жедел мақсаттағы ротаның командирі, аға лейтенант Димаш Абылаев бар. Дима – болашағынан үміт күттірер

жас офицерлердің бірі. Бала кезінде Арыс қаласындағы әскери бөлімнің жауынгерлерін жиі көретін. Әскери формадағы адамдарға еліктеп, өз тағдырын осы саламен байланыстыруды құп көріпті. Әскери оқу орнын аяқтағаннан кейін Петропавлдағы аталмыш бөлімге келіп, офицерлік жолын бастауда. Біз қала ішін кезіп, Орталық алаңға қарай жеттік.

– Жас сарбаздарды қызметке баулу маңызды. Өйткені, алғашқы қызметін қалай бастайды, қалған

осы жерде ұландық сарбаздар кезекшіліктерін өткізеді. Шыны көрек, ұландық сарбаздарды көргенде, көңілім орнына түседі. Олар көшеде қоғамдық тәртіпті қадағалайды. Сарбаздар ауыр қылмыстардың алдын алуға өз үлестерін қосып жүр, – деді қаламгер.

Арбат десе, Арбат екен, шіркін! Бір жерде қала музыканттары өнерін көрсетіп жатса, бір жағынан суретшілер қала қонақтары мен тұрғындарын таңғалдыру үстінде. Гүл сатушылардың саудасы да қызып тұр. Дүйім жұрт еш алаңсыз алаңда қыдырып жүр. Бір кезде алыстан келе жатқан үш сарбаздың сұлбасы байқалды. Бұлар күні бүгін алғашқы жауынгерлік қызметке түскен сарбаздар екен. Өзін қатардағы Нұржігіт Серікбаев деп таныстырған әскери жасақ мүшесі Түркістан қаласынан әскерге шақырылыпты. Аптап ыстықтан келген Нұржігітке теріскейдің қоңыржай ауа райы бірден ұнапты.

– Бүгін мен үшін ерекше күн. Мен бүгін алғаш рет жауынгерлік қызметке түстім. Осыған дейін білім жинақтадық, енді мұны іс жүзінде қолданатын кез келді деп есептеймін. Ұлттық ұлан – құқықтық тәртіп әскері. Біз қала тыныштығына жауаптымыз. Бүгін, болмаса, басқа кезде, өзіміздің қырағылығымызды көрсетеміз деген ойдамын, – деп ағынан жарылды жас сарбаз.

Оның қаруласы қатардағы Әділбек Нұрмұхамбет те осындай ойда. Сарбаз өзінің қырағы қызметімен қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын.

– Өзім Ақмола облысының тумасымын. Солай десе де, Петропавл қаласында әскерге дейін болмаппын. Мен үшін өмірімдегі жаңа парақтар ашылды. Бұл жерде тек қалаға байланысты емес. Сонымен қатар әскерге келген күннен бастап, өмірім толыққанды өзгерді десем болады. Күн тәртібі, Әскери Жарғы дегендер адамды жақсы жаққа өзгертеді. Әрине, ата-анамызды, жақындары-



қызметі де солай жалғасын табады. Осыған дейін сарбаздар жас жауынгердің курсынан өтті. Саптық, дене дайындығынан өтті. Әдістемелік сабақтар жүргізілді. Тәртіп сақшысына қажетті білімді бойларына сіңірді. Енді бүгіннен бастап өз білімін тәжірибеде қолданатын кез келді. Осы орайда қалалық ішкі істер қызметкерлерін де атап өткіміз келеді. «Бірігіп көтерген жүк жеңіл» демекші, полиция қызметкерлері құқықтық тұрғыдан сарбаздарға кеңестерін беріп, қажет кезде көмек қолын созады, – дейді 1-ші жедел мақсаттағы ротаның командирі, аға лейтенант Димаш Абылаев.

Қалада халық саны да айтарлықтай көп емес. Барлық тұрғындар жергілікті азаматтар. Мұнда бірнеше театр, сауда үйлері мен музей бар. Онымен қоса өздерінің «Арбат» деп аталған көшесін де көруге болады. Жергілікті халықтың өзі айтып өткендей, Петропавл зейнеткерлердің қаласы екен. «Арбат» деп аталып кеткен Конституция көшесінде біз тағы бір мәрте ардагер Боташ Қажымовты кездестірдік. Қаламгер осы көшенің бойында тұратын көрінеді. Біз одан қарапайым қала тұрғыны ретінде Ұлттық ұлан жауынгерлерінің қызметі туралы сұрадық.

– Петропавл қаласының бірден-бір жауһары – осы көше. Бұл жерде қала тұрғындары бала-шағасын алып шығып, серуендейді. Дәл

мызды сағынамыз. Ал жауынгерлік қызмет сағыныш туралы ойлап, ұмыстық шетке ысырып тастап, ойымызды бір арнаға бұрады. Біз енді көбінесе, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті ойлайтын боламыз. Өзімізді жақсы қырынан көрсетуге тырысамыз, – дейді ол.

Жедел мақсаттағы батальон командирінің Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, капитан Уәлихан Жәукеновті аңғимге тарттық. Офицердің айтуынша, сарбаздардың жауынгерлік рухы жоғары. Әр өңірден жиналған әскери ұжым бір үйдің баласындай болып кетті.

– Біздің жедел батальон құзырлығы орган қызметкерлерімен бірлесіп, қала тұрғындары мен қонақтарының тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Жауынгерлер халықпен тығыз қарым-қатынаста болады. Сондықтан олардың құқықтық сауаттылықтары мен ішкі мәдениеті жоғары деңгейде болуы шарт. Біз сарбаздарды барынша үйретіп, олардың моральдық-психологиялық жағдайына баса көңіл бөлеміз. Сарбаздардың көбісі әскери қызметін аяқтағаннан кейін өмірін әскери саламен және құқық қорғау органдарымен байланыстырады. Еліміздің патриоттарын тәрбиелеу – біз үшін үлкен мәртебе, – дейді батальонның бас тәрбиешісі.

Дарын СЕЙІТОВ,
подполковник

ІЗ КЕСКЕН ЕКЕУ



Бүгінгі кейіпкерім бала кезінде-ақ үйдегі итіңізді айтқанына көндіріп, тіл алғыш етіп алған. Өзі қайда барса, иті де соңынан еріп, талай жерді бірге шарлаған. Сөйтіп жүргенде кинология саласында қызмет атқаратын ағасының көзіне түскен екен. Кішкентайынан итке жақындығы бар азамат бүгінде жігіт ағасына айналған. Кіші сержант Алмас Өтешов қазіргі уақытта 3660 Әскери бөлімінің кинология қалашығында кинолог болып қызмет атқарады.

Алмас Тұрсынханұлымен бізді Кинология взводының командирі, аға лейтенант Айбат Асхат таныстырды. Аға лейтенант төрт жылдан бері 3660 Әскери бөлімінде қызмет етіп келеді. Оның айтуынша, Алмас Өтешов – қалашықтағы білікті мамандардың алды, әрі жауапты азаматтардың бірі.

Кіші сержант Алмас Өтешов 1988 жылы Алматы облысының Алақөл ауданына қарасты Қызыл қайың ауылында өмірге келген. Мектепті бітірген соң 2010 жылы Мақаншыдағы Шекара қызметінде Отан алдындағы борышын өтеген. 2012 жылдан бері Ұлттық ұлан сапында кинолог болып жұмыс істейді.

– Алғаш мен келген жылда-

да «Берта» деген иті болған. Сол итімен бірге Ұлттық ұланның үздік кинологтары арасында Тараз қаласында болған сайыста екінші орын алған. Ал алғашқы итіңіз ұрғашы болғандықтан, «Джесика» деп атаған көрінеді.

– Ең бірінші рет 2012 жылдың күзінде кинология бойынша Қаракемерде білім алдым. Сол кезде бізді бірден итке жақындатпай, ағаш қолданатын. Ағашты кәдімгі ит деп елестетіп, қарғыбауын ұстаудан бастап меңгертті. Содан кейін барып қана ит ұстата бастады. Бала кезден итке жақын болып өскен соң бұл істі тез игеріп әкеттім. Жалпы, кез келген ит иесіне 8 жыл 6 ай қызмет етеді. Осы секілді себептерге байланысты

үйретемін. Осыны меңгерген итті жауынгерлік қызметке дайын деп есептей беруге болады, – деді ол.

Кәсіби маманның иттерді жақсы көретіні соншалық, ол үйінде де ит асырайды. Үйінде бельгиялық және неміс итінен бөлек, шығыс тұқымдас тағы бір иті бар. Оларды үйретудегі мақсаты да әртүрлі. Аңға қызығатындықтан, аңшылыққа әуес бір итті қолға ұстаған. Ал бельгиялық тұқымдасқа қатысты «Ізге түспейді» деген әңгіме бар көрінеді. Сондықтан дәл сол итті ізге салып, үйретіп көруді көздеген. Былайша айтқанда, эксперимент жасап жүр. Сондай-ақ кинолог жігіт итке көбіне қазақша тапсырма береді екен. Иттері бұған да үйреніп алған.

тәсілге икемді болатынын алдын ала байқап көру керек. Күшік кезінде ойынға беріліп, ойнақтап жүрген болса, оны сол тәсілмен айтқанға көндіруге болады. Отырса доп беріп, тістеміз де, қайта тартып аламыз. Қайтадан отырғызып, допты қайта береміз деген секілді. Тамақты да дәл осы әдіспен қолданамыз. Егер ит тамаққа да, ойынға да ықтияр танытпаса, оны механикалық жолмен көндіруге күш саламыз. Бұл әдіс қарғыбаудың бауын тарту секілді қимылдармен жүзеге асырылады. Осы тұста итегі бір қасиетті айта кеткім келіп отыр. Иттер берілген пәрменді бірден қабылдай алмайды. Оларға 2-3 секунд уақыт қажет болады. Тағы бір қызықты факт, овчаркалардың еркегі есейген сайын иесіне бағынғысы келмейді. Тыңдамайды. Сондықтан оларға әуелден қатаң қараған абзал. Ал ұрғашы-

біздің қолданыстағы иттердің деңгейіндей болмайды. Иә, алабай тұқымдас итті отырғызып, тұрғызып айтқанға көндіруге болады. Бірақ олар ежелден үйді торуылдап, қора-қолсыны күзетіп, тек бір жерде ғана жүре береді. Не аңға шаппайды, не адам іздеуге қауқарсыз. Тазыға келер болсақ, оның есіл-дерті – аңға шығу. Олар қоян, түлкі, керек десеңіз, қасқыр қууға әуес. Сол секілді аңшылыққа арналған иттер иесі үйден мылтық алып шықса қуанып, адамды айналсоқтап, бір орында тұрмай, жыбырлап кетеді. Тазы да солай. Иесі атқа қонса құтырып, алдына түсіп, ойнақтап кетеді. Ал қызметтік иттер вальердің алдынан адам өтсе болды, абалап, тыпыршып кетеді. Өйткені бұларға да қызық керек. Әр итке иесі болмаса, бөтен адамдар жолай қоймайды. Күн ұзаққа қамалып отырған соң, біз



лары айтқанды істеп, тапсырманы жақсы орындайды, – деді Алмас Тұрсынханұлы.

Кіші сержанттың айтуынша, овчаркалардың иесіне атылып, адамға қауіп төндірген кезі жоқ. Ал лача, алабай сияқты иттердің түрі қоғамға қауіп төндіруі мүмкін. Егер де оларды күшік кезінде оңдырмай ұрсаңыз, иттің есінде сақталып қалатын көрінеді. Питбуль, Бельгия иттері де сондай ызақор, қауіпті болып келеді. Холерик иттер өсе келе, ызасы келгенде иесін де қауып алып жататыны содан. Шығыс және неміс иттеріне келетін болсақ, олардан мұндай қауіп жоқ. Оның осындай пайымдарын тыңдай отырып, қазақы тұқымдар жайлы да сұрап көрдік.

– Қазақтың тазылары аңшылыққа бейім. Өйткені, олардың түпкі түйсігінде жыртқыштық қасиет бар. Мысалы, қазір ше-

де бұларды сыртқа шығарып, ойнатып, жаттықтырып, бірге уақыт өткізіп тұруға тырысамыз. Біз келгенде бұлар да қуанады. Доп көрсе, балаша қуанып кететіндері де болады, – дейді кинологияның қыр-сыры жайлы баяндаған маман.

Білікті кинолог бүгінде Алматы қаласының іргесінде орналасқан Заречный кентіндегі үш бірдей түзету мекемелерін торуылдау ісіне атсалысып жүр. Сондай-ақ кей кездері маңайдағы ауыл азаматтарының жоғалған малы мен дүние-мүлкін тауып беруге де көмектесіп тұрады. Басшылықтың келісімімен адам іздеу жұмыстарына да тартылған кездері болыпты. Осындай кез келген тапсырманы Алмас Өтешов сенімді серігі «Бойкамен» бірге тыңғылықты атқарады. Екеуі біріксе, біраз шаруаның басын қайыруға қауқарлы. Олар жауынгерлік қызметте де жұп



ры Әскери бөліміміз «7552» деп аталатын. Тек 2019 жылы «3660 Әскери бөлімі» атала бастадық. Өзім бала кезімнен үйдегі итті үйрететінмін. Әскери ит болмаса да, қолдағы итімді өзіме шақырып, тоғайға ертіп апарып, үйретумен әлек болушы едім. Бұл менің бала болсам да, алғаш рет ит баулуға тәжірибем болды. Ал нақты «Кинология» деген ұғымды маған бірінші рет таныстырған осы Әскери бөлімде взвод командирі болған прапорщик ағам Мұрат Қабсаменов еді. Ол менің балалық іс-әрекетімді көріп, кинология жайлы құлағдар ете бастады. Оның кім екенін, немен айналысатынын түсіндіріп берді. Қызыққаным рас. Сөйтіп, кинология жайлы алғаш рет ағамнан естігенім бар. 12 жылдан бері осы қызметті атқарып келе жатырмын, – деді «Бойка» есімді қызметтік итіңіз жетектеген кинолог.

Оның қазіргі иті шығыс тұқымына жатады. Бұл – оның қызметтегі үшінші иті. Мұның алдын-

осыған дейін екі ит ауыстырдым, – деді Алмас Өтешов.

Оның айтуынша, кинолог алдымен итпен байланыс орнатудың жолын табу керек. Төрт аяқты жануарды бастапқыда жаныңа алып жүру керек. Содан кейін ақырындап «Отыр!», «Жат!», «Тұр!» деген бұйрықтарды орындатуды үйретуге болады. Уақыт өте келе, осы үш пәрменді орындап жүрген итті ым-ишарамен қозғалатын деңгейге жеткізеді. Тек содан кейін ғана әр ит өз қасиетіне сай лайықты жауынгерлік қызметке бағытталады.

– Мысалы, менің итім адам іздеуге шебер. Сондықтан іздеу тобында жиі жүреміз. Осы ретте өз тәжірибеммен бөлісе кетейін. Басында өзіме бір көмекші алып, сол адамды иісі арқылы итіме іздетуге тырыстым. Әуелде ол адамды 50 метр жерден іздейміз, кейін 100 метрден іздеуге көшеміз. Содан кейін барып қана алыс аймақтан жоғалған адамның бір затын итіме иіскетіп, ізі арқылы тауып алуды



– Итті үйретудің өзіндік тәсілдері болады. Мысалы, ойын арқылы, тамақпен және механикалық тәсілмен үйретеміз. Сол себепті итті үйретерде қай ит қай

қарашылар қазақтың алабайын, тазысын үйретіп жатыр. Бірақ өз басым олардан қызметтік иттер шығады деп ойламаймын. Шыққан күннің өзінде бұрыннан

жазбай, жүктелген тапсырманы бірге орындайды.

Жанболат КЕНЖЕҒҰЛ,
Алматы облысы

ЖАЗАЛЫЛАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ЖАРЫЛҚАЙДЫ



Ақтөбеде түзеу мекемесіне шағын және орта бизнес субъектілерін көбірек тарту мәселесі талқыланды.

Ақтөбе қаласындағы түзеу мекемесінің аумағына шағын және орта бизнес субъектілерін тарту арқылы сотталғандар үшін қосымша жаңа жұмыс орындарын ашу мәселесі қаралды.

Ақтөбе облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне бағынысты №8 түзеу мекемесінде мекеме аумағына шағын және орта бизнес субъектілерін тарту арқылы сотталғандар үшін қосымша жұмыс орындарын құруға қатысты жұмыс кеңесі өткізілді.

Кеңес отырысында Ақтөбе облысы және Ақтөбе қаласы бойынша тіркелген шағын және орта бизнес субъектілері нысандарын №8 түзеу мекемесінің аумағына орналастырып, жаңа жұмыс орындарын ашу мәселесі кеңінен талқыланды.

Маңызды іс шараға Ақтөбе облысы прокурорының көмекшісі Қайрат Юсупов, №8 түзеу мекемесі бастығының орынбасары, әділет подполковнигі Асқар Кубайдуллин, Ақтөбе облысы бойынша ҚАЖ департаментінің сотталғандардың еңбегін ұйымдастыру тобының бас маманы, әділет

капитаны Гүлнар Избағамбетова, облыстық кәсіпкерлер басқармасы бастығының міндетін атқарушы Айбек Айтжанов және «Еңбек-Жайық» республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен «А.А.Иващенко», «Н.Мумба-сов», «Ателье» жеке кәсіпкерліктері, «Бат-04 ГРУПП», «Балық-Ақтөбе» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері қатысты.

Іс-шарадан кейін «С.Б.Кулмашов» жеке кәсіпкерлігі түзеу мекемесі аумағынан өз кәсібін ашу ниетте мекеменің өндірістік аймағындағы бос тұрған ғимараттарды қарап, танысты.

Айта кету керек, қазіргі таңда Ақтөбе қаласындағы №8 түзеу мекемесінің аумағында 9 шағын және орта бизнес субъектілері 118 сотталғанды ақылы жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Ал өз кәсіптерін ашқысы келетін шағын және орта бизнес субъектілері үшін түзеу мекемесінің аумағында барлық мүмкіндіктер қарастырылған.

Гүлфайруз ТӨРЕМҰРАТОВА,
Ақтөбе облысы бойынша
ҚАЖД

БІР МИЛЛИОН ҰТТЫ

Қызылорда облысында Пробация есебіндегі азамат «ZHAS PROJECT» әлеуметтік жобасы аясында бір миллион теңге грант ұтып алды.

«ZHAS PROJECT» жобасына 18 бен 35 жас аралығында барлығы 274 жас қатысушы өтініш білдірген. Техникалық іріктеуден 98 өтініш сараланып, оның ішінде 42 әлеуметтік жоба байқау критерийлеріне сай келіп, 14 жеңімпаз анықталды.

Жеңімпаздар қатарында Қармақшы аудандық Пробация қызметінің есебінде тұрған А. есімді азамат өз жобасын қорғап, бір миллион теңге көлеміндегі қаражатты жеңіп

қызметінің инспекторы Нұрсұлтан Ниязовтың айтуынша, есептегі азаматтар арасында кәсіп ашуға ниеттілер көп. Жеңімпаз Пробация азаматы дәнекерлеу жұмысын одан әрі дамытуға ниетті.

«ZHAS PROJECT» жобасының мақсаты – NEET санатындағы жастарды жергілікті қоғамдастықтың әлеуметтік-экономикалық өміріне және нәтижелі жұмыспен қамтуға тарту. Байқауда халықтың осал топтары мен қызметінің инспекторы Нұрсұлтан Ниязовтың айтуынша, есептегі азаматтар арасында кәсіп ашуға ниеттілер көп. Жеңімпаз Пробация азаматы дәнекерлеу жұмысын одан әрі дамытуға ниетті.

«ZHAS PROJECT» жобасының мақсаты – NEET санатындағы жастарды жергілікті қоғамдастықтың әлеуметтік-экономикалық өміріне және нәтижелі жұмыспен қамтуға тарту. Байқауда халықтың осал топтары мен қызметінің инспекторы Нұрсұлтан Ниязовтың айтуынша, есептегі азаматтар арасында кәсіп ашуға ниеттілер көп. Жеңімпаз Пробация азаматы дәнекерлеу жұмысын одан әрі дамытуға ниетті.



алды. Ол Көкшетау қалалық сотымен 2023 жылдың 15 мамырында ҚР ҚК-нің 106-бабының 3-бөлігімен үш жыл бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалып, мекенжайы бойынша Қармақшы аудандық Пробация қызметінің есебіне алынған.

Қармақшы аудандық Пробация

Ақмарал МАХАМБЕТӘЛІ

ЕСІРТКІНІ ЕЛЕМЕУГЕ ҮНДЕДІ

ІІМ оқушылар мен студенттерге есірткі қылмысы үшін берілетін жаза туралы айтып берді. Кәмелетке толмағандарды құқыққа қайшы қызметке тарту – Мемлекет басшысының ішкі істер органдарына жүктеген маңызды мәселелерінің бірі.

Ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыруға әкеп соқтыратын әрекеттерге ерекше назар аударылады. Оларға есірткі айналымы саласындағы қылмыстар жатады.

Есірткіні сақтау, өткізу, өндіру немесе тасымалдау үшін қылмыстық жауапкершілік 16 жастан басталады. Есірткіні жасыратын адам немесе курьер 7 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын алады.

Интернетте есірткіні жарнамалау, насихаттау, белгілі бір есірткі туралы

барлық мемлекеттік органдардың, жұртшылықтың және ең алдымен ата-ананың қатысуы қажет. Есірткіні қолданудың салдарын ғана емес, сонымен бірге кез келген есірткі әрекеті үшін жауапкершілікті де тікелей түсіндіру маңызды.

Сондықтан ІІМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаментінің басшылығымен практикалық жұмыс жүргізу және жастарға есірткінің заңсыз айналымына қатысудың құқықтық салдары туралы түсіндіру туралы шешім қабылданды.



Қара нарықта бір грамм мефедронның құны – 28 мың. Ал есірткі дүкенінде бір грамм үшін екі мың теңгені құрайды. Дәл осы сомаға есірткіні дүкенге жеткізген курьердің еркіндігі де кіреді.

Бақытжан Әмірханов түсіндіргендей, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алуға әрбір полиция қызметкерінің үлесі маңызды. Сондықтан министрлік елорданың оқу орындарында орталық аппараттың бейінді департаментінің қызметкерлерімен осындай іс-шараларды өткізу кестесін әзірледі.

Жыл соңына дейін олардың қатысуымен елорданың алдыңғы қолдағы әрбір полиция қызметкерінің үлесі маңызды. Сондықтан министрлік елорданың оқу орындарында орталық аппараттың бейінді департаментінің қызметкерлерімен осындай іс-шараларды өткізу кестесін әзірледі.

Жыл соңына дейін олардың қатысуымен елорданың алдыңғы қолдағы әрбір полиция қызметкерінің үлесі маңызды. Сондықтан министрлік елорданың оқу орындарында орталық аппараттың бейінді департаментінің қызметкерлерімен осындай іс-шараларды өткізу кестесін әзірледі.

Көптеген елорданың алдыңғы қолдағы әрбір полиция қызметкерінің үлесі маңызды. Сондықтан министрлік елорданың оқу орындарында орталық аппараттың бейінді департаментінің қызметкерлерімен осындай іс-шараларды өткізу кестесін әзірледі.

ТЕРІС ҚАДАМНАН САҚТАНДЫРДЫ

Есірткіге қарсы күрес шаралары жастар арасында кеңінен насихатталып келеді. Жастар арасында есірткіге тәуелділікті түдғырып, «синтетиканы» олардың жұмыс көзіне айналдырғысы келетін жымсықы ниетті топтар бар. Жасөспірімдерді осындай келеңсіз оқиғалардан сақтандырып, теріс қадамға баруының алдын алу үшін ҚР ІІМ Есірткіге қарсы іс-қимыл департаментінің орынбасары, полиция полковнигі Бақытжан Әмірханов Жоғары көлік және коммуникация колледжі студенттерімен кездесті.

Шара барысында Бақытжан Әмірханов 15-17 жас аралығында студенттермен жақын байланыс орнатып, еркін әңгіме жүргізді. Оларға мықты азамат болып өмірден өз орнында табу үшін көлденеңнен жолыққан адамдарға сенбей, жеңіл ақшаға қызықпауға кеңес берді. Оған себеп «синтетиканы» өндірушілердің көбі оны тасымалдау жұмыстарына жастарды тартады. Жуық арада Қостанай қаласында ашық сот отырысы өткен. Онда жиырма жасқа толмаған жас қыз «синтетика тасимын» деп заң алдында жауапқа тартылған. Бұл сот отырысына қала жастары қатысып, заңсыз әрекеттің соңы немен аяқталатынына куә болған. Бұл көрініс бейнедәріс барысында колледж студенттеріне көрсетілді. Өз ісіне өкінетінін айтқан қыз бен оның анасының көз жасы жиынға қатысушыларды бей-жай қалдырмады. Себебі әрбір жауапқа тартылған баланың артында жабырқаулы ата-ана тұрады. Сол себепті полиция полковнигі өз болшағын мен ата-анаға қиындық тудырмас үшін мұндай әрекеттерден аулақ болуға шақырды.

Есірткі айналымы үшін қылмыстық жауапкершілік 16 жастан басталады. Мұндай қылмыс түрі бойынша сотты болғандардың кісі өлтіргендердің жазасынан да асып түседі немесе өмір бойына бас бостандығынан айырылады. Біздің елімізде есірткіні жарнамалау мен насихаттау үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Бұған граффити жазуларын қолдану, хабарландырулар немесе QR кодтарын тарату, форумдарда, мессенджерлерде есірткі туралы оң пікірлері бар хабарламалар қалдыру жатады. Сондықтан жеңіл пай-

даға кенелемін деп ұрынып қалып жүрмеңіздер. Оған жаза 3 жылдан 6 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруды көздейді. Ал мессенджерлерде есірткі сайттары мен чаттарды басқару қылмысты ауырлатып жағдай болып есептеледі. Ал бұл іспен айналысқандар 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасына ілігеді, – деді спикер.



Заң өкіліне студенттер өздерінің таныстары, достары бетпе-бет келген осы сипаттағы жағдайларды айтып берді. Өз кезегінде осындай ақпараттық-насихаттық жұмыстардың жастарға көп көмегі тиіп жатыр.

Сала маманының айтуынша, есірткіге тәуелділік бірінші қолданудан қалыптасады. Бірақ алғашында қауіптілігі мен тәуелділік дәрежесін тұтыншылар түсінбейді. Кез келген нашақор жағдайды бақылайтынына, кез келген уақытта есірткіден бас тарта алатынына сенімді болады. Алайда уақыт бұған кереғар жағдайды тудырады.

Бүгінгі таңдағы жаңа синтетикалық препараттар ерекше қауіп төндіреді. Олар физикалық жағдайға әсер етіп қана қоймайды, психикаға да ауыр соққы береді. Ішімдік, есірткінің кез-келген түрі, улы заттар, «дәріханаға тәуелділік» тудыратын препараттар денсаулыққа орны толмас зиян келтіреді.

Кәмелетке толмаған жастар есірткі сатушылардың басты нысанына

айналған. Жасөспірімдерді есірткі тасымалдаушы ретінде қолданады. Шамамен алғанда, мұндай бизнеске тартылған кәмелетке толмағандарды полиция 2-3 айдың ішінде ұстайды. Ал мұндай бизнес өкілдерінің тырнағына бір ілінсең, одан босап шығу мүмкін емес.

Міне, осы және өзге де қылмыстардан бойынды аулақ ұстау үшін заң алдындағы жауапкершілікке баса мән беру керегін заң өкілі кеңінен түсіндірді. Шараны студенттер бірауыздан «Есірткіге жол жоқ!» ұранымен қорытындылады.

Гайһарай ЕСИМОВА

Жалғасы. Басы өткен нөмірлерде

АЛДАЖАР ӘБИЛОВ

ҚАРА АҒАШ ТҮБІНДЕГІ ОҚИҒА

Хикая-детектив

10. КҮДІКТІМЕН РЕСМИ КЕЗДЕСУ

Бұлар аудандық Іші істер бөліміне келгенде сағат тілі таңғы сегізді көрсетіп тұрғанына қарамастан...

енді оған менің тергеуші ретінде танысатын уақытым да жақындаған сияқты. Екі есік те ашық тұра берсін.

істемейтіндігі» деген сөзі есіне түсті. Енді не істеу керек? Не болғанда да бұлдіріп алмаған жөн.

– Айтсаңызшы енді. – Мана мына кезекшілерді көргесін бір ой келген. Біздің ішкі кухнямыз ғой, бұл жігіттердің арасы дұрыс емес...

на деген ашу-ызасы ма екен, әйтеуір, жерді тітірете, бұлт қабаттарын тілгілей, сатыр-сұтыр, жарқ-жұрқ етті. 11. МОЙЫНДАУ Тергеу басталды. Сағадаттың жағдайы манағыдан да құлдыраған сияқты.



АЙТЫСКЕР СЕРЖАНТ



Атақты ақын Александр Блок: «Адам бойында жоғарыдан берілген бір нәр болады. Ол ақындық, сурет өнері, не болмаса басқа да талант болып табылады. Ең бастысы – ол нәрдің адам бойында болуы» деген. Осындай бойында өнер нәрі бар, өмірін әскери саламен байланыстырған азаматтың Ұлттық ұлан қатарынан табылуы – біз үшін абырой. Бүгінгі кейіпкеріміз сержант Жұмабек Рахимов Ұлттық ұланды музей бастығы болып қызмет етеді.

Сержант Жұмабек Рахимов – Солтүстік Қазақстан облысының тумасы. Бала кезден ұлттық өнеріміз – айтысқа қызығушылық танытып өскен.

– Әлі есімде, үйіміздегі теледидардан айтыс бағдарламасын тамашалаймыз. Ол кезде отандық арналардың бірен-сараны ғана көрсетуші еді. Соның ішінде ұлттық арнамыз бар. Сенбі күні отбасымызбен қара жәшікке қадаламыз. Айтыс дегенде ішкен асын жерге қоятын жұрт осы бір өнер түрін асыға күтуші еді. Біз де күтеміз. Әкеміз екеуіміз отырып, талқылаймыз, сөйлесеміз. «Қап, мына ақын, мына жерде былай деуі керек еді. Мына ұйқасы былай болғанда...» деген қызу әңгіме. Сол кезде бала арнамын «Теледидардан бір көрінсем» деген ой болатын. Ел алдында өнер көрсетіп, бір айтыста отырсам, халқым қолдау көрсетсе дейтін балалық арнамын еді. Анам – Алматы облысының тумасы. Нағашыларымыз көбісі өнерге жақын. Домбыра тарту, ақындық деген бойларында бар. Әкемің өзі баян, домбырада ойнады. Ата-анам – өнерлі жандар. Ауылдың бірде-бір тойы оларсыз өтпейтін. Мен де бала кезімнен тойға шығып, ән орындаймын. Өзімнің өлеңдерімді айтамын. Қысқасы, өзім де ақындық жолды таңдауға бел будым, – деп әңгімесін бастады ұландық ақын.

Ақынжанды азамат мектепте қазақ тілі мен әдебиеті және Қазақстан тарихы пәнін тереңдете оқиды. Өңірден шыққан жыраулардың, ақынның шығар-

машылығымен жақынырақ танысады. Ізденімпаздығы пен зеректігінің арқасында Петропавл қаласындағы Дарынды балаларға арналған оқу гимназиясына шақырылып, сол мектепті аяқтайды. Мектеп қабырғасында «Ақын бала» атанып, еліміздің бүкіл өңіріне жарысқа барады.

– Алғашында аудандық, облыстық айтыстарға шықтым. «Жеңіліссіз жеңістің дәмін білмейсің» демекші, сүрінген кездер де болды. Ағаттықтарымын сабақ алып, келесі айтысқа дайындалатынмын. Әсіресе, маған ауылы аралас, қойы қоралас Көкшетау облысының тумасы Баянғали аға Әлімжанов көп әсер етті. Оны теледидардан көріп, кейін әңгімелесіп, ағалы-інілі қарым-қатынасқа көштік. Көп іздене жүріп, облыстық намысын қорғайтын сақа айтыскерлердің қатарын толықтырдым. Бұрындары Петропавл қаласындағы айтысқа қатысатынмын. Сол кездегі Ұлттық ұлан Әскери институтының атынан Медет Жексенай қатысатын. Ол досым өзімен бір топ командасын ертіп, көрерменді курсанттармен талпырып, өз аудиториясымен келетін. Сонда да мені ұта алмады. Кейін оны өзі де мойындаған. Өмірдің қызығын қарашы, қазір өзім осы Ұлттық ұлан академиясының намысын айтыста қорғап жүрмін, – деп ағынан жарылды Жұмабек.

«Кейіпкеріміз әскери салаға қалай келді?» дейтін сұрақтың туындауы заңдылық. Айтыс өнерінің шыңын бағындыру жолында жүргенде әскерге шақырту алады. Біз

ойлағандай Ішкі әскерге емес, жел өтіндегі, ел шетіндегі Күршім шекара отрядынан бір-ақ шығады. Қатон-Қарағай өңірінде азаматтық борышын атқарады. «Алқабек», «Қарашілік» шекара заставаларында жүріп, кинолог мамандығын меңгереді. Әскерден кейін үйіне оралады. Сол жерде Ұлттық ұланның Әскери бөлімдеріне жас жігіттерді келісімшарт негізінде жұмысқа қабылдап жатқанын естиді. Әскери билет қалтасында, бір жылдық дайындығы бар Жұмабек көп ойланбай, ел арасында «Жамансопка» аталып кеткен ҚАЖ мекемелерін күзететін 6637 Әскери бөлімінің үшінші жеке атқыштар ротасына қызметке орналасады. Сол жерде бөлімше командирі болып қызметін бастайды, әрі қарай өзі қыр-сырын меңгерген кинолог мамандығы бойынша елеулі еңбек етеді. Қаракемердегі оқу құрамасында мамандығы бойынша білімін жетілдіреді. Кейін бұл бөлімше жабылып, 6636 Әскери бөлімінің Державинскідегі жеке атқыштар ротасына ауысады. Ол бөлімше де жабылған соң 6637 Әскери бөлімінің жедел мақсаттағы ротасына ауысады. Қандай қызмет атқармасын, ол өзін жауапты әскери қызметкер ретінде көрсетеді.

– Мерзімді қызметті атқарғанда әскери салаға бейімделдім. Жарғыға сай жауап беруді меңгердім. Кейін келісімшартпен қарауыл қызметіне кіріскенде, тіпті әскери болып кеттім десем болады. Қарауыл қызметінен кейін қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызмет түріне ауыстым. Сонда да өзімнің ақындық өнерімді бірге алып жүрдім. Басшылық оны байқаса керек, кейін маған Ұлттық ұлан академиясындағы жүргізуші қызметін ұсынды. Бүгінде толық бір музейді басқаруды сеніп тапсырды. Бұл да өте қызықты, әрі жауапты лауазым. Біз кешегі тарихпен бүгінгі рухты байланыстырамыз, – дейді ол.

Кейіпкеріміз академия атынан, жалпы Солтүстік Қазақстан облысының атынан айтысқа қатысады. Бала кезінде армандаған мақсатына қол жеткізді. Біржан сал Қожағұлұлы атына берілген республикалық айтыста бірінші орынды иеленді. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген кіл мықты ақындардың арасында жеңімпаз атанды. Алматыда өткен «Асыл домбыра» командалық айтысында Солтүстік Қазақстан облысының намысын қорғады.

Дарын СЕЙТОВ

ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ

Ақтөбе қаласының жастары жауынгерлік жекпе-жек шебері Ардақ Назаров және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің тарих факультетінің оқытушысы Алмас Тоқсанбаевпен кездесті. Кездесуге еркін форматта 500-ден астам жас қатысты.

Әлем кубогының иегері А.Назаров өзінің өмірлік тәжірибесімен және кеңесімен бөлісіп, жастарды спортпен шұғылдануға, денсау-

мен өмірінен сыр шертті. Ол өз сөзінде «Біз тарихымызды білуіміз керек. Себебі өз тарихын білмейтін халық жойылуға мәжбүр, өткенін



лығы күтуге және алдына қойған мақсатқа ұмтылуға шақырды.

Сондай-ақ Ардақ Назаров отбасылық құндылықтарға, ата-аналарды құрметтеуге, еңбекқорлыққа, өзін-өзі жетілдіруге үндеді. «Өмірде еш нәрсе қиындықсыз болмайды, ал еңбек – кез келген мақсатқа жетудің басты қайнар көзі», – деді чемпион.

ҚазҰУ-дің тарих факультетінің оқытушысы Алмас Тоқсанбаев ұлы билеушілердің, жауынгерлердің және көшбасшылардың тарихы

білмейтін халықтың болашағы жоқ» деп жастарды ел шежіресін білуге және ұлы адамдардан үлгі алуға шақырды.

Кездесу соңында ПД бастығының бірінші орынбасары Ардана Саймағамбетов жастарға патриоттық тәрбие берудегі белсенді жұмысы үшін қонақтарға алғысын білдіріп, оларға үлкен табыс тіледі.

Ерболат САРҚҰЛОВ,
Ақтөбе облысы ПД
Баспасөз қызметі

ШЫҒАРМАСЫ ШЫҢДАҒАН

/Детектив жанрының негізін қалаушы
Кемел Тоқаевтың 100 жылдық мерейтойына арнау/

**Әлі талай жазылар жыр, самғатып жас талабын,
Мерейтойға ойлы ұрпақ, ұштап келді қаламын.
Еліміздің аймағынан ат шаптырып жиылды ел,
Жетісуға келгендердің құтты етсін қадамын!**

**Абай салған киелі жол, жасты шыңдап алысқан,
Жақсы дәстүр ел баласы өнерімен жарысқан.
Адамдардың бойларында қалыптасса ізгілік,
Білім, ақыл-алдаспан, жарқырайды алысқан.**

**«Білімді адам мыңды жығар» деген сөзге сеніңіз,
Дарындарға бәйге атап, жарыстырды еліміз.
Ғылым жолы, жас ұрпақты жақсы жолға жетелер,
Кел, балалар, осы үмітте бақты сынап көріңіз!**

**Жас ұрпаққа ой салуда Кемел ата өнегесі, кеңесі,
Талғамменен, халқымыздың биік болсын өресі.
Кемел адам, ел бастаған ерлеріңнен тәлім ал,
Егеменнің қазанаты – осылар ғой төресі.**

**Қиындықтар өткізген ол тағдырының тезінен,
Әділетсіз сол кезеңдерді, жаза білді сезіммен.
Шығармасы шыңдап жатыр бүгінгі жас ұрпақты,
Еңбегі ғой елі үшін адал ұлды тәрбиемен өсірген.**

**Нағыз адам елін ойлап атырады таңдарын,
Алламенен ата-анаға, бағыштайды амалын.
Дүйім елің халқың бүгін Құран оқып, дұға етті,
Ізгі ұрпақтың ізгі амалы сауапты етсін әруағын!**

Айболат МАЙМАҚОВ,
полицей полковнигі,
Қазақстан Республикасы ІІМ.Есболатов
атындағы Алматы академиясының
Қылмыстық құқық және криминалогия
кафедрасы бастығының орынбасары

ӨНЕР ӨМІРДІ ӨЗГЕРТЕДІ

Темір торға тоғытылғандардың арасында талай өнер таланттары бары жасырын емес. Сотталғандар да сахнаны бағындырып, өз өнерін ортаға салуды армандайды.

Абай облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты №20 мекеме басшылығы жазасын өтеушілерге осындай мүмкіндік берді.

Осы жылдың алтыншы қарашасында түзеу мекемесіне Абай атындағы Мемлекеттік қазақ музыкалық драма театрының әртістері арнайы келіп, «Шәмші» атты спектакль-концертін тарту етті.

Түзеу мекемесінің сахнасында театр әртістері әйгілі композитордың танымал әндері мен музыкалық шығармаларын орындады. Олармен бірге №20 мекеменің №8 жасағында жазасын өтеуші

азамат К.Абдильманов бірге ән орындап, аңсаған арманына жетті.

– Біздің елде ғана емес, шет елдердің сахнасында өнер көрсетіп, талай көрерменді тәнті еткен әртістермен бір сахнада тұрып, өз өнеріңді көрсету – мен үшін арман. Үш ұйықтап тұрсам да, бұл түсіме де кірмепті. Киелі сахнаға шығып, ішкі дүниемді өнер арқылы жеткізу мені ерекше сезімге бөлейді. Осы мүмкіндікті бізге берген мекеме басшылығына алғыс айтамын. Бұл жерде бізге сотталғандар емес, қоғамның бір мүшесі ретінде қарағанына ризамын, – дейді жа-

засын өтеуші К.Абдильманов.

Түзеу мекемесіндегі тәрбие жұмысы бойынша мекеме бастығының орынбасары, әділет майоры Е.М.Ахметжановтың айтуынша, мұндай іс-шаралар түзеу мекемелеріндегі тәрбие жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Яғни, осы бағытта осындай және тағы да түрлі іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып тұрады. Басты мақсат – сотталғандардың жазасын өтеу барысында қоғамнан ажырамай, кейін еркін өмірге бірден бейімделуіне мүмкіндік беру.

«Сақшы-ақпарат»

МЕНШІК ИЕСІ:
«Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС



Бас директор
Лаура ЖАКУПОВА

Бас редактор
Бақытгүл АБАЙҚЫЗЫ

РЕДАКЦИЯ:
Шеф-редактор:
Жұлдыз ТОЙБЕК
Жауапты хатшы:
Айнур ЖЫЛҚЫШИНОВА
Тілшілер:
Гауһарай ЕСІМОВА
Раушан НАРБЕК,
Сүйкім ТІЛЕПБЕРГЕН

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді

- Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды
- Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес
- Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді
- Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді
- Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Газет айына 4 рет шығады. Басылым «Медиа-холдинг Елши» ЖШС баспаханасында басылады. Астана қаласы, Алматы ауданы, Сілеті к-сі, 30
Индексі: 65395
Таралымы: 16002
Тапсырыс: № 1556

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:
ИИК – KZ74856000000147459
БИЖ – KС1ЖК2Ж
БИН – 051040005963 КБЕ-16
«БанкЦентрКредит» АҚФ
РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010000, Астана қаласы,
Майлин көшесі, 4/1.
Телефон: 8 (7172) 37-88-64,
ішкі нөмір 115
www.mediaovd.kz
Эл. пошта: saksly@mediaovd.kz